

## IV ТОКСАНДАҒЫ ОҚУ ФОРМАТЫ - БІРІНШІ СЫНЫПКА БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰЖАТТАРЫН КАБЫЛДАУ 1 СӘУІРДЕН БАСТАЛАДЫ

Бұл жайында Кентау қалалық адами әлеуетті дамыту бөлімінің басшысы Баянғали Жұмабаев баспасөз жиынында баяндап өтті. Қазақстан Республикасы Бас санитарының №12 қаулысы үстіміздегі жылдың 25 наурызында бекітілген болатын. Бөлімге қарасты 5 мектеп (Ташанак, Абай, Төркүлтөбе №15, Достық, №11 Ахынтума жалпы орта мектептері) 300 оқушыға дейінгі контингенті бар мектеп дәстүрлі жұмыс режимі жалғастыратын болады. Бекітілген қаулыға сәйкес, 1 сынып – 1 кабинет қағидаты бойынша сыныптарды 25 адамнан артық емес оқытуға жол беріледі. Сабақтың ұзақтығы - 40 мин. Оқушылардың білім олқылықтарын толтыру бойынша жұмыс жалғасады. Ерекше жағдайларда (ауырған немесе науқастармен байланыста болған жағдайларда) ата-аналардың өтініші бойынша балаларды қашықтан оқыту форматында қалдыруға рұқсат етіледі. Мектептерде оқу процесін ұйымдастыру кезінде барлық эпидемияға қарсы санитарлық талаптар, іс-шаралар қарастырылатын болады, деді бөлім басшысы. Айта кетейік, Кентау қаласының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты жалпы білім беру ұйымдарында дәстүрлі форматта 26296 оқушы, ал қашықтан – 13696 оқушы III-тоқсанды аяқтаса, дәстүрлі оқытылған сыныптарға 3025 педагог сабақ берді. Асханалардың жұмысы жергілікті атқарушы

органдардың шешімі бойынша және санитарлық эпидемиологиялық талаптарға сай, қалалық Бас санитарлық дәрігердің келісімімен ұйымдастырылады. Оқу процесі кезінде міндетті мектеп формасын киюдің қажеті жоқ, сабаққа еркін және ұқыпты киімде қатысуға рұқсат етіледі. Ал, ауысымдар бойынша сыныптар санын, сондай-ақ жекелеген пәндерді қашықтан оқытуды мектептердің педагогикалық шешіміне сәйкес дербес белгілейді. Жалпы ҚР Білім және ғылым министрлігі негізгі пәндерді штаттық форматта оқытуды, музыка, көркем еңбек, информатика, құқық негіздері, графика және жобалау, кәсіпкерлік және бизнес негіздері пәндерін қашықтан өткізуді ұсынды. Оның ішінде, дене шынықтыру сабақтарын таза ауада өткізуге ұсыныс берілді. Сонымен қатар, бірінші сыныпқа балалардың құжаттарын қабылдау 1 сәуірден басталмақ. Мектепке 6 жасар балалар мен ағымдағы күнтізбелік жылы 6 жасқа толатын балалар қабылданады. Кентау қаласының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты жалпы білім беретін мектептер e-gov.kz және mектеп.sitcen.kz



порталы арқылы 1 сыныпқа тіркеу жүргізіледі. Бөлімге қарасты мектептерде 11 сыныпты 1942 оқушы бітіреді деп жоспарлап отыр. Оның ішінде 188 оқушы «Алтын белгі» белгісіне үміткер және 73 оқушы Үздік аттестатқа үміткерлер. Былтырғы оқу жылымен салыстырғанда «Алтын белгі» белгісіне үміткерлер 65 оқушыға артқан. (былтырғы жылы 123 оқушы) Айта кетерлік жайт, 2018-2019 оқу жылынан бастап ҰБТ-ның жаңа форматына сәйкес «Алтын белгі және «Үздік аттестат» мектептегі қорытынды аттестаттаумен иеленетін болады.

## «Голубое топливо» передают в республиканскую собственность

На еженедельном аппаратном совещании был обсужден вопрос передачи на баланс АО «КазТрансГаз» завершённых объектов газоснабжения, которые были построены за счёт средств областного бюджета.

Областным руководством принято решение о передаче 298 новых объектов газоснабжения из коммунальной собственности в республиканскую. Но, к сожалению это дело «стопорится» из-за нерасторопности отдельных чиновников из сельских районов и городов. Это они «черепашьими» темпами оформляют и сдают необходимые документы. Глава региона дал поручение совместно исправить сложившуюся ситуацию. За эту работу непосредственно отвечают соответствующие управления и акимы районов и городов.

И будем надеяться, что в ближайшее время жители региона получают долгожданное топливо.

после их подключения к природному газу. И как результат- 44 населённых пункта не снабжены «голубым топливом». Руководители акционерного общества возложили ответственность на своих местных коллег.

«Что значит местные? Это же ваша организация. Экспорт газа все еще растянут. Но это же народ. Газа хватает стране. Добивайтесь!» - сказал аким области У. Шукеев. К примеру, в городе Кентау готовые, новые многоэтажные дома стоят незаселёнными из-за неподведённого природного газа. Нет «голубого топлива» и в частном секторе.

Глава региона дал поручение совместно исправить сложившуюся ситуацию. За эту работу непосредственно отвечают соответствующие управления и акимы районов и городов.

И будем надеяться, что в ближайшее время жители региона получают долгожданное топливо.

Мағауя ХОЖАМУРАТОВ,  
Туркестанская область.

## Смотр юных грации

В ДЮСШ имени Б.Саттарханова состоялось первенство города по художественной гимнастике среди девочек 2009-2012 годов рождения. Соревнования проходили без зрителей и с строгим соблюдением санитарных норм. В результате упорной борьбы призеры стали: Камила Сейдин, Милана Ким, Дарья Усачева. «Нынешние состязания среди девочек прошли для отбора сильнейших, для участия в открытом турнире «Nauryz Gur», который пройдет в Шымкенте»,-



говорит тренер Анжелика Сергеевна Отставных.

Мағауя ХОЖАМУРАТОВ Кентау

## «ДОРОЖНАЯ КАРТА ЗАНЯТОСТИ» СОЗДАСТ ПОСТОЯННЫЕ РАБОЧИЕ МЕСТА

На совещании были рассмотрены вопросы оказания социальной помощи и постоянные и временные рабочие места в рамках «Дорожной карты Занятости». По дорожной карте утверждено 34 инфраструктурных проекта. Согласно новым требованиям, после завершения проекта было поручено создать постоянные рабочие места. Другая новость. При закупках товаров, работ и услуг местное содержание должно составлять не менее 90 % от общего объема предусмотренных средств. Глава региона У.Шукеев поручил провести соответствующую работу и полностью выполнить намеченные показатели.

Под особым углом стоит вопрос стабилизации цен на социально значимые продовольственные товары. Для недопущения необоснованного роста цен, в области заключено 1088 меморандумов с крупными торговыми точками, магазинами и универсальными рынками. Мобильными группами было проведено свыше 1000 рейдов по торговым точкам области, 752 предпринимателям даны замечания и предписания по недопущению необоснованного повышения цен на социально значимые продукты.

Мағауя ХОЖАМУРАТОВ,  
Туркестан.



## Шығыстың ғұлама ойшылы, математик, астролог, музыка теоретигі, Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған Әбу Насыр әл-Фараби



Адамның байлығы да, бақыты да, атақ-даңқы да, ол-білім. Білім таусылмайтын байлық. Олай болса

Ұлы даланың ұлық тұлғасы әл-Фараби, қазақ топырағының көкірегі ояу, көзі ашық, бүкіл араб-парсы мәдениетін меңгеріп, өз шығармаларын көпке ортақ тілде жаза біліп, кейінгі ұрпақтарына өшпес мұра етіп қалдырған, ғұламаның 1150 жылдығы қарсаңында ұлы ғұлама туралы оқыған, түйінді мағлұматтармен бөліскенді жөн көрдім. Тарихи деректерге жүгінсек, Фарабидің толық аты-жөні — Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Ұзлағ әл-Фараби ат Түрки. Ат Түрки — шыққан тегі

түркі дегенді, әл-Фараби — Фараб қаласынан шыққан дегенді білдіреді. Өзінің азан шақырып қойған аты — Мұхаммед, әкесінің де аты — Мұхаммед, атасының аты — Тархан, бабасы — Ұзлағ. Шығыстың ғұлама ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби 870 жылы бүгінде Отырар аталатын, Арыс өзенінің Сырға барып құятын сағасындағы Фараб қаласында дүниеге келді (қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысындағы Отырар қаласының маңайындағы ортағасырлық қала). Туған жері қазақтың ежелгі қаласы Отырарды арабтар Барба-Фараб деп атап кеткен, осыдан барып ол Әбу Насыр әл-Фараби, яғни Фарабтан шыққан Әбу Насыр атанған. Сол тұста өмір сүргендердің қалдырған жазбаларына қарағанда, Отырар қаласы IX ғасырда тарихи қатынастар мен сауда жолдарының торабындағы аса ірі мәдениет орталығы болған. Әбу Насыр жастайынан ғылымға үйір болған, оның бақытына қарай сол заманда Отырарда аса бай кітапхана бар еді. Әл-Фараби парсы, грек тілдерін үйренеді, осы тілде ғылыми трактаттар оқиды. Фараб пен Бұқарада бастапқы білім алған соң әл-Фараби өз білімін жетілдіру мақсатында Бағдатқа аттанады. Фарабидің дүниетанымының қалыптасуына

Мерв мектебінің ғылыми дәстүрлері мен философиялық бағдарлары өз әсерін қалдырды. Бағдатта әл-Фараби ғылым мен әртүрлі пәндерді оқиды. Білімге деген құштарлығының арқасында әл-Фараби сол уақыттағы ғылым мен білімнің ордасы саналған Дамаск, Халеб, Каир, Шаш, Самарқан, Бұхара, Мерв, Нишапур, Рей, Хамадан қалаларында да болып, білімін үнемі жетілдірумен болды. Сол қалаларда оқыды, еңбек етті. Шығыстың осы шаһарларында ол өз дәуірінің ең көрнекті ғалымдарымен, көркем сөз деректерімен танысады. Олардан тәлім-тәрбие алады.

Әл-Фараби философия саласы бойынша грек ойшылы Аристотельдің "Категориялар", "Метафизика", "Герменевтика", "Риторика", "Поэтика", бірінші және екінші "Аналитика", "Топикасы" және т.б. көптеген еңбектеріне түсініктемелер жазды. Әбу Насырдың Платон және Аристотель философиясындағы идеяларға арналған кітабы оның философия саласындағы аса көрнекті ғалым екенін әрі философия пәнін терең меңгергенін дәлелдейді. Фараби Аристотельдің әлеуметтік-қоғамдық идеяларын дамыта отырып, өз тарапынан да "Кемеңгерлік меруерті", "Ізгі қала тұрғындарының

көзқарасы", "Мәселелердің түп мазмұны", "Ғалымдардың шығуы", "Бақытқа жету", "Азаматтық саясат", "Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері" сияқты көптеген сындарлы философиялық еңбектер жазған. Фараби бұл еңбектерде дүние, қоғам, мемлекет, адамдардың қатынастары туралы заманнан озық тұрған пікірлер, пайымдаулар айтады. Әл-Фараби атамиздың еңбектері күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтқан жоқ. Ел басқару жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік-этикалық саяси көзқарастары бүгінгі қоғам үшін де айрықша маңызды. Фараби Шығыс пен Батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін табыстыруда зор рөл атқарды.

Ойымызды қорыта келе, айта берсек, сөз соңының шығар түрі жоқ, расында да әл-Фараби қазақ халқының ғана емес, жалпы мұсылман халқының бетке тұтар ұлы азаматы, барша адамзатқа ортақ тұлға, ортақ мақтаныш. Себебі, оның артында қалдырған білімі, үлкен ғылыми мұрасы бар. Ұлы ұстаз болашақ ұрпаққа өшпес мұра қалдырды.

Асия БОТАБЕКОВА,  
Кентау көпсалалы колледжі  
Информатика пәнінің оқытушысы.

## Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті Экономика және бизнес жоғары мектебі

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ - Қазақстандағы жоғары оқу орындарының жалпы рейтингінің жетекшісі, ел тарихында тұңғыш рет «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» Қазақстан Республикасы Президентінің сыйлығының лауреаты. Өнім және қызмет сапасы саласындағы жетістіктері үшін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы сыйлығының диплом иегері.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің мақсаты – әлемдегі жетекші зерттеу университеттерінің қатарына еніп, қоғамдағы прогрессивті экономикалық, әлеуметтік және мәдени қайта құрулардың локомотивіне айналу. Университеттің көрінісі:

- ұлттық классикалық университетті әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналдыру;
- білім, ғылым және инновация интеграциясы;
- Университеттің 4.0 моделін қалыптастыру;
- студенттердің одан әрі жетістігі үшін білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ету және білім беру бағдарламаларының бәсекеге қабілетті базасын қалыптастыру;
- еңбек нарығының талаптарына сәйкес келетін жоғары жеке және кәсіби білімі бар түлектерді даярлау.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Экономика және бизнес Жоғары мектебі 1949 жылы құрылған университеттің ең көне бөлімшелерінің бірі болып табылады. Мұнда оқыту заманауи инновациялық әдістемелерді қолдана отырып, классикалық білім берудің үздік дәстүрлері негізінде жүргізіледі.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Экономика және бизнес жоғары мектебі бұл:

- жыл сайын экономика және бизнес, менеджмент және маркетинг, қаржы және бухгалтерлік есеп саласында аса жоғары маманданған бакалавр, магистр және PhD түлектері;
- ғылым докторлары, ғылым кандидаттары, PhD докторларынан қалыптасқан оқытушылар командасы;
- университеттің классикалық дәстүрлерін

заманауи оқыту технологияларымен үйлестіру;

- студенттерді ғылыми зерттеулерге, ғылыми сабақтастыққа және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Экономика институтымен тығыз ынтымақтастықта дамып келе жатқан ғылыми мектептерге тарту;

- көптеген көрнекті қазақстандық ғалымдардың, мемлекет қайраткерлерінің, белгілі бизнесмендердің, ректорлардың, спортшылардың Alma-mater-i;

- қызықты, жарқын және бай студенттік өмір және жайлы студенттік кампус;

- іске асырылатын халықаралық жобалар және халықаралық желілік білім беру.

ЭЖБЖМ кадрлық әлеуеті, материалдық-техникалық базасы, оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі қойылған міндеттерді орындауға мүмкіндік берді.

Сондай-ақ Экономика және бизнес Жоғары мектебі қысқартылған курс бойынша жоғары білім және орта кәсіптік білім базасында мамандар даярлауды жүзеге асырады.

Экономика және бизнес Жоғары мектебінде оқу кезеңінде студенттер әскери даярлықтан өтеді және жатақханамен қамтамасыз етіледі.

Әл-Фараби ҚазҰУ Экономика және бизнес Жоғары мектебінің түлектері Президент Әкімшілігінде, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінде, Қаржы министрлігінде, ҚР Статистика агенттігінде, Ұлттық Банкте, Коммерциялық банктерде, сақтандыру және аудиторлық компанияларда және басқа да қаржы мекемелерінде; сондай-ақ Қазақстан Республикасы экономикасының барлық салаларында жұмыс істейді.

Назерке МАНТАЙ,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
Экономика және бизнес жоғары мектебі  
«Менеджмент» мамандығының 4 курс  
студенті,  
Сауле КУПЕШОВА,  
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы.

## Әке көрген оқ жонар, Шеше көрген тон пішер

Ата-бабаларымыз ұл-қыздарын өздеріндей еңбек сүйгіш, жауынгер, әнші, күйші, ақылды, парасатты, иманды етіп тәрбиелеуді мақсат еткен. Отбасындағы ұл тәрбиесінде әке мен аталардың орны ерекше. Әке отбасы мүшелерінің тірегі, асырап сақтаушысы, қамқоршысы. Әкенің мінез-құлқы, өнер-білімі ұл баланың көз алдындағы үлгі енеге алатын, соған қарап өсетін нысанасы. Өнегелі, өнерлі, «Сегіз қырлы, бір сырлы», намысқой азамат тәрбиелеу аталар арманы болған. Ал, аталар жолын қуып, өнері мен өнегелі ісін жалғастыру жастарға да үлкен сын болып саналған. «Ата көрген оқ жонар» деген мақал соны меңзейді.

Қай ата-ананы алсақ та, қызының ертең барған жерде жақсы жар, әдепті келін, аяулы ана болуын армандайды. Иә, алып та, ақыл да, ойшыл да анандан туады. Оларды өмірге келтіретін де, тәрбиелеп өсіретін де ана. Болашақ ана- бүгінгі қыздарымыз. Қыз демекші қазақ халқы қызды қадірлеп, құрметтеп өсірген. «Қыздың жолы жіңішке», «Қызды қырық үйден тию» деген мақалдар осы қыздарымызға арналып айтылған. Ата-ананың қамқорынсыз

қалған, олардың бақылауынсыз жүрген қаңғыбас балалар саны жылдан-жылға көбеймесе, азайған жоқ. Осы мәселе қазір елімізде үлкен проблемаға айналып отыр. Ата-ана тәрбиесін көрмесе, олардың жылы алақанын сезінбесе, онда ол балалар қалай мейірімді болып өседі? Осы сұрақ кімді болса да толғандырады анық. Осындай жағдайлардан қылмыс, нашақорлық, ұрлық, зорлық-зомбылық басталады. Қазіргі кезде жасөспірімдер арасында қылмыстың өршіп тұрғаны бәрімізге тайға таңба басқандай айқын байқалады. Осы жағдайларды болдырмас үшін де ата-аналар үнемі балдарына, қайда барасың? Кіммен барасың? Кіммен достық қарым қатынасың,- деп отырса тыйылар ма еді? Балаларымызға сыпайылық пен адамгершілікті, қамқорлық пен жанашырлықты, адалдық пен еңбекқорлықты сіңірте білейік.

Бибинур КУЛЬБАЕВА,  
Кентау қалалық сотының  
баспасөз қызметкері,  
маман.